

**Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университеті
№1 Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімдері**

Шымкент қаласы

29.08.2025 ж.

1. Университеттің 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстарының есебі және 2025-2026 жаңа оқу жылына дайындығы мен белгіленген міндеттері туралы

Шешім:

1.1 Басқарма мүшесі-Стратегиялық даму мен әлеуметтік істер жөніндегі проректоры Б.Қ. Исабектің баяндамасы назарға алынсын, университеттің 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстарының есебі бекітілсін.

1.2 Стратегиялық даму бойынша міндеттер:

«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасының негізгі түйінді көрсеткіштерінің орындалуын қадағалау. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: сала проректоры, тиісті құрылымдық бөлімдер.*

1.3 Жаңа оқу 2025-2026 оқу жылында тиісті салалар бойынша келесі міндеттер жүзеге асырылсын:

1.3.1 Академиялық мәселелер бойынша:

1. Инновациялық білім беру бағдарламаларын масштабтау жалғастырылсын. *Мерзімі: тамыз 2025ж. Жауапты: Академиялық істер департаменті.*

2. Жұмыс берушілермен серіктестікті нығайту бойынша ортақ іс-қимылдар күшейтілсін. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: Академиялық істер департаменті, кафедра меңгерушілері.*

3. Біліктілік арттыру курстарына жаңа бағдарламалар даярлау және курстарды ұйымдастыру жұмыстары жандандырылсын. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: Үздіксіз білім беру орталығы.*

4. Білім алушылар мен оқытушылардың цифрлық құзыреттіліктерін арттыру: Ai-Sana жобасы аясында және Coursera платформалары арқылы жасанды интеллект курстарынан өткізу қолға алынсын. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: Академиялық істер департаменті, факультет декандары, кафедра меңгерушілері).*

5. Шетелдік тағылымдамадан өткен профессор-оқытушылар құрамын тәжірибелерімен бөлісу семинарлары ұйымдастырылсын. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімі.*

6. Педагогикалық практика мен дуальды оқытуды күшейту жолдары қарастырылсын. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: «Talant» апгрейд орталығы, кафедра меңгерушілері.*

7. Түлектер үшін тәжірибе алмасу, менторлық және т.б. жобаларды бірлесіп дамытуға арналған интерактивті алаң құрылсын. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: «Talant» апгрейд орталығы)*

8. Жаппай ашық онлайн курстарын түсіру күшейтілсін. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімі, кафедра меңгерушілері.*

9. Шешімдердің орындалуын қадағалау сала проректорына жүктелсін.

1.3.2 Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша:

1. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында белгіленген басым бағыттарға сай университеттегі ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру жүйесін сәйкестендіру жүргізілсін. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: сала проректоры, тиісті құрылымдық бөлімдер.*

2. Ғылымның өзекті, қазіргі таңда жоғары сұранысқа ие іргелі және қолданбалы бағыттарына сәйкес жобаларға және түрлі деңгейдегі гранттық жобаларға белсене қатысу жүйеленсін. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: кафедра меңгерушілері, ғылыми зерттеулер департаменті.*

3. Университет профессор-оқытушы құрамының ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Комитеті бекіткен және Clarivate Analytics (WoS), Scopus базасындағы басылымдардағы жарияланым саны арттырылысын. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: кафедра меңгерушілері, ғылыми зерттеулер департаменті.*

4. Профессор-оқытушы құрамының зияткерлік меншік құқығын алу жұмыстары күшейтілсін. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: кафедра меңгерушілері, ғылыми зерттеулер департаменті.*

5. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін коммерциализациялау конкурстарына қатысу белсенділігі арттырылсын. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: академиялық артықшылдық және коммерциализация офисі.*

6. 2 Диссертациялық кеңес ашу бойынша жұмыстар жүргізілсін. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: сала проректоры, тиісті құрылымдық бөлімдер.*

7. Шешімдердің орындалуын қадағалау сала проректорына жүктелсін.

1.3.3 Тәрбие бағытындағы жұмыстар бойынша:

1. Университеттің барлық құрылымдары тәрбие жұмыстарында ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев тарапынан Ұлттық Құрылтайлар мен 2025 ж. Республикалық Тамыз конференциясында көтерген «Әділетті Қазақстан», «Таза Қазақстан», «Адал адам» т.б. идеялары мен соларға сай қабылданған мемлекеттік ресми құжаттар назарға алынсын. *Мерзімі: 2025-2026 оқу*

жылы, тұрақты түрде. Жауапты: Ректорат, деканаттар, жастармен жұмыс бөлімі, ОПҚ.).

2. Университеттің барлық білім беру бағыттары білім алушыларына, соның ішінде бакалавриаттың I курсы үшін әлеуметтік жиынтық iGPA балл туралы түсіндіру және Platonus жүйесіне енгізу бағытындағы жұмыстарды одан ары ілгерілету қолға алынсын. Мерзімі: қыркүйек, 2025 ж.. Жауапты: Деканаттар, жастармен жұмыс бөлімі.

3. Мәдениет бөлімі, жастармен жұмыс бөлімі, «Тұран» спорт клубы және «Мұра» ұлттық шығармашылық орталығының жұмыстарын жандандыру және мәдени, спорттық және өнер, қолөнер үйірмелеріне қатысушылар санын арттыру бойынша жұмыстар жүргізілсін. Мерзімі: қыркүйек, 2025 ж. Жауапты: Деканаттар, мәдениет бөлімі, жастармен жұмыс бөлімі, «Тұран» спорт клубы, «Мұра» ұлттық шығармашылық орталығы.

4. Білім алушылардың психологиялық көңіл күйін толықтай бақылап отыру және оларға уақтылы психологиялық көмек беру сапасы одан әрі арттырылсын. Мерзімі: тұрақты түрде. Жауапты: Психологиялық қолдау орталығы.

5. Білім алушылардың бірегейлігін арттыру және жастардың бірлігін нығайту мақсатында арнайы мерч өнімдерін әзірлеу (футболкалар, свитерлер, сөмкелер, белгілер және т.б.) қолға алынсын. Мерзімі: қаңтар-ақпан, 2026 ж. Жауапты: Жастармен жұмыс бөлімі, МСБ.

6. Шешімдердің орындалуын қадағалау сала проректорына жүктелсін.

1.3.4 Интернационалдандыруды дамыту жұмыстары бойынша міндеттер:

1. Университеттің интернационалдандыру саясатын Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкестендірілсін. Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: сала проректоры, тиісті құрылымдық бөлімдер.

2. Халықаралық серіктестермен стратегиялық ынтымақтастықты құру және дамыту, бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларына, халықаралық тағылымдамалар мен өзара алмасу бағдарламаларына қатысу жұмыстары күшейтілсін. Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: кафедра меңгерушілері, тиісті құрылымдық бөлімдер.

3. Университеттің жаһандық академиялық қоғамдастыққа интеграциясын қамтамасыз ету мақсатында көптілді білім беру ортасын дамыту және қос дипломды бағдарламаларды арттыру қолға алынсын. Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: кафедра меңгерушілері, халықаралық бағдарламалар бөлімі.

4. Шетелдік студенттерді ақпараттандыру және кеңес беру үшін «Study in Zhanibekov University» университеттік ақпараттық алаңын енгізу жұмыстары жүргізілсін. Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: халықаралық ынтымақтастық және мониторинг бөлімі, IT департаменті.

5. QS WUR және QS by Subject рейтингтеріндегі университеттің нәтижелеріне талдау жүргізіліп, нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірленсін. *Мерзімі: 2025–2026 оқу жылы. Жауапты: сала проекторы, халықаралық ынтымақтастық және мониторинг бөлімі.*

6. Шешімдердің орындалуын қадағалау сала проректорына жүктелсін.

2. Ғылыми кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын, университеттің барлық бағыттағы жұмыс жоспарларын бекіту

Шешім:

2. Ғылыми кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары, университеттің барлық бағыттағы жұмыс жоспарлары бекітілсін.

3. 2025-2026 оқу жылына барлық оқу деңгейлері бойынша білім алушыларды қабылдау қорытындылары туралы

Шешім:

1. Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Байырбекова Лаззат Мырзаханқызының есебі назарға алынсын.

2. Контингенті аз болуына және толмауына байланысты жабылу қауіпі бар келесі 6B01704 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау (0), 6B01706 – Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау (0), 6B01405 – Құқық және экономика негіздері мұғалімін даярлау (5), 6B011514 – Физика (IP) (15), 6B01102 – Психология (IP) (16) ББ бойынша келесі оқу жылында Түркістан облысы және Шымкент қаласы жалпы орта мектептерінде кәсіби-бағдар жұмыстары жетілдірілсін. *Мерзімі: қазан 2025-мамыр 2026 ж. Жауапты: кафедра меңгерушілері, маркетинг бөлімі.*

3. Шетел азаматтары және ұлты қазақ шетел азаматтарымен кәсіби-бағдар жұмыстарын қазан айынан бастап жыл бойы жүргізу қолға алынсын. *Мерзімі: қазан 2025-мамыр 2026 ж. Жауапты: маркетинг бөлімі және факультет декандары.*

4. Педагогикалық мамандықтарға қабылдау балы 75 болғандықтан, 50-75 аралығында балл жинаған талапкерлерді университетке қабылдауға мүмкіндік болатындықтан, бейіндік пәндері сәйкес келетін ұсынылған кестедегі білім беру бағдарламалары бойынша жаңа мамандықтар ашылуына назар аударылсын

Білім беру бағдарламалары тобы		Бейіндік пәндер	
B120	Кәсіптік оқыту педагогтарын даярлау	Физика	Математика

	(сала бойынша)		
V034	Тарих	Дүниежүзі тарихы	География
V038	Әлеуметтану	Математика	География
V040	Саясаттану	Дүниежүзі тарихы	Шетел тілі
V041	Психология	Биология	География
V053	Химия	Химия	Биология
V054	Физика	Физика	Математика
V057	Ақпараттық технологиялар	Математика	Информатика
V090	Әлеуметтік жұмыс	Биология	География
V098	Спорт	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан

5. Шешімдердің орындалуын қадағалау сала проректорына жүктелсін.

4 Әртүрлі мәселелер

4.1 2025-2026 оқу жылының оқу процесіне қажетті құжаттарды Ғылыми кеңесте талқылау және бекітуге ұсыну туралы

Шешім:

4.1 2025-2026 оқу жылының оқу процесіне қажетті келесі құжаттар бекітілсін:

- 2025-2026 оқу жылына арналған оқу процесінің кестесі;
- 2025-2026 оқу жылына арналған академиялық күнтізбе;
- Университеттің академиялық саясатына өзгерістер енгізу;
- Профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережесі;
- 2025-2026 оқу жылына арналған профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың 1 ОПҚ-ға орташа арақатынасы;
- 2025-2026 оқу жылына арналған оқытушы-профессорлар құрамының жылдық жүктеме мөлшері;
- 2025-2026 оқу жылына арналған оқытушы-профессорлар құрамының оқу жүктемесін жоспарлау тәртібі;
- 2025-2026 оқу жылына арналған сағат бойынша ақы төлеу коэффициент-терін және бір сағаттың ақысы.

4.2 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының докторантура және магистратура бағыттары бойынша 2025-2026 оқу жылына арналған академиялық күнтізбені бекіту туралы

Шешім:

4.2 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының докторантура және магистратура бағыттары бойынша 2025-2026 оқу жылына арналған академиялық күнтізбесі бекітілсін.

4.3 Жатақхана төлемақысына жеңілдік беру туралы

Шешім:

5.3 2025-2026 оқу жылында әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген тұл жетім және I топ мүгедектері санатына жататын студенттерге жатақханада тұру төлемақысынан 100%, II, III топ мүгедектері санатына жататын студенттерге 50% жеңілдік берілсін.

4.4 Білім беру қызметінің төлемақысы бойынша берілетін жеңілдіктерге үміткер ұсыну туралы

Шешім:

4.4 Университет білім алушыларына білім беру қызметінің төлемақысы бойынша берілетін жеңілдіктер туралы Ереженің (19.08.2022 ж) 2.2, 2.5-тармағына сәйкес 2025-2026 оқу жылына университетімізге қабылданған талапкерлер арасынан Ұлттық бірыңғай тестілеуден 100 және одан жоғары балл жинаған, мемлекеттік білім грант конкурсында біздің оқу орнымызды бірінші таңдаған келесі «Алтын белгі» иегерлері мен параолимпиадашы, дзюдодан Әлем чемпионына барлық оқу кезеңіне оқу ақыларына 100% жеңілдік берілсін:

№	Тегі, аты-жөні	ББ коды БББ атауы	Конкурсқа қатысу балы	Алтын белгі
1	Әбдісаттар Кенжеай Ғабиденқызы	В018 Шет тілі мұғалімдерін даярлау (6В01703 - Шет тілі: екі шет тілі мұғалімін даярлау)	104	+
2	Бекмурзаева Жансая Бекмурзақызы	В018 Подготовка учителя иностранного языка (6В01703 - Подготовка учителя иностранного языка: два иностранных языка)	115	+
3	Ерікбай Жанеля Әбдімәлікқызы	В018 Шет тілі мұғалімдерін даярлау (6В01703-Шет тілі: екі шет тілі мұғалімін даярлау)	106	+
4	Пірәлі Әдемі	В018 Шет тілі	101	+

	Тәттібекқызы	мұғалімдерін даярлау (6B01703 - Шет тілі: екі шет тілі мұғалімін даярлау)		
5	Мықтыбай Аружан Нұрланатқызы	B007 Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау (6B01404 – Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау)	116	+
6	Тастемір Ғазиза Нұрланқызы	B031 Дизайн (6B02101 – Дизайн)	121	+
7	Кулмурза Бексултан Нурланулы	B005 Дене шынықтыру мұғалімін даярлау (6B01409 - Денешынықтыру және спорт (IP)	Сұхбаттасу	-

4.5 Монография, оқу құралын баспадан шығару туралы

Шешім:

4.5.1 Биология кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.к. Айгүл Аманбайқызы Успабаеваның «Мұнаймен ластанған топырақтарды микроорганизмдер көмегімен биоремедиациялау» монографиясы баспаға ұсынылсын.

4.5.2 Физика кафедрасының доценті м.а. Хадиша Кеңесқызы Абдрахманованың «STEAM-подход в среднем образовании» атты оқу-әдістемелік құралы баспаға ұсынылсын.

Ғалым хатшы

А.М.Байғұтова

